# Сәлеметсіздер ме?




Тыныштық сәті

# Үй тапсырмасы

**Өзіңді тану**
**Жақсы болу –өзіңнен,**
**Жаман болу – өзіңнен.**
**Өзіңді - өзің ая да,**
**Өзің үйрен өзіңнен.**

**Жақсылық көрсең біреуден,**
**«Мен қандаймын?» деп ойла.**
**Өзіңді-өзің қолыңа ал,**
**Өзіңсің – ақыл айнасы.**
**Тиеді саған мәні бар**
**«Өзіңді тану» пайдасы.**

**Ө.Ақыпбеков**

**1.Жақсы болу – өзіңнен,**
**«жаман болу – өзіңнен» деген өлең жолдары туралы қандай пікір айта аласыңдар?**

**2.Ақынның «жақсылық көрсең біреуден», «Мен қандаймын?» деп «ойла» деген сөзіне көзқарастарың қандай?**

Артқа

# Қаңтардың 19-ы





# ДӘЙЕК СӨЗ

«Жақсы сөз-жан жылытар »

Халық мақалы

# Жаңа ақпарат

- «Адамдар бір-біріне қайырымдылық мейірімілік таныту арқылы жақсылық жасайды ». Өзі жақсы адамның айналасы барлық уақытта да жақсылыққа толы болады.Өйткені оны адамдар, айналасы жақсы көреді,сыйлайды,онымен достасқысы келеді. Осындай жетістіктерге ол өзінің жақсы істері жақсылық-тары арқылы жетті.Сондықтан халық: «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді. Мен де сендердің жақсылықтарың жақсы істерің, туралы жиі айтқым келеді.Сендер де өз сыныптас-тарыңның, достарыңның жақсылықтарын мақтан тұтасыңдар. Сол себепті шамамыз жеткенше, қолымыздан келгенінше адамдарға, айналаға жақсылық жасап жүрейік.
  - Өйткені жасаған жақсылық зая кетпейтін,оның шарапаты өзіңе, жақын туыстарыңа,тіпті еліңе тиетінін сендер жақсы білесіңдер.Алғысқа бөленіп ризашылыққа кенелесіңдер.

?àðëû?àø (1).mp4

# ӘҢГІМЕ
# Е.ШАЙҚЫҰЛЫ
# «ЖАҚСЫ АТА»

# Дәптермен жұмыс



- Басқа адамға жылы сөз айтып,жақсы тілек тілеген  сәтте қандай сезімде болдың?

Ал өзіңе жылы сөз айтып,жақсы тілек тілеген кезде қандай сезімге бөлендің?

# Шығармашылық жұмыс:

Жылы жүректен шыққан жақсы тілектеріңді төрт жол өлең шумағымен жеткізу.

**Жақсылық жерде қалмайды**
**Жақынды, досты аяла,**
**Қанатың сонда талмайды.**
**Барынды жұрттан аяма,**
**Жақсылық жерде қалмайды.**

**Жайдары жүзбен жарқыра,**
**Қатыгез болсаң – сол қайғы.**
**Қайырымды бол халқыңа,**
**Жақсылық жерде қалмайды.**

**Е. Бағай**

# Сабақты қорытындылау

# Үй тапсырмасы

Жақсылық туралы мақал-мәтелдер жазып келу,жақсы тілектер жазу.


Тыныштық сәті